



Нұғыманов Мұханбетриза

1924 жылы 16 ақпанда Қостанай облысы Аманкелді ауданында туған. 1942 жылы Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, 164- атқыштар полкі құрамында бөлімше командирі болған. 1944 жылы Полтава қаласы үшін болған ұрыста жараланып, I топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралған. Әскери атағы – сержант. Соғыстағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және Жеңістің 20 жылдығы мерекелік медалімен марапатталған. Елге келген соң комсомол, аупарткомда жауапты қызметтер атқарған.

1970 жылы қайтыс болған.

